

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі
төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына толықтыру мен
өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 6 маусымдағы N 02-2-4/98 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1544. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 19.03.2013 № 06-7/32 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялау күнінен бастап, бірақ 2013 жылдың 26 наурызынан ерте емес қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 маусымдағы "Мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Z990453_ Заңына және "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 мамырдағы N 605 U010605_ Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығына с ә й к е с Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 қарашада N 986 V990986_ тіркелген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына төмендегідей толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізудің қағидасына:

2-тармақ "(одан әрі - уәкілетті органы)" деген сөздерден кейін " лауазымдардың сәйкесті санаттарына резервшілер тізімі қаралғаннан кейін" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Конкурсты орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері және ведомствалар өткізген кезде хабарландырулар ресми басылымдарда жарияланады. Жергілікті мемлекеттік органдардың конкурс өткізу туралы хабарландырулары облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) мәслихаттары мен әкімдері ресми жарияланымдар үшін белгіленген газеттер мен өзге де мерзімді басылымдарда жарияланады.";

19 - тармақта :

бірінші абзац алынып тасталсын;
екінші абзацтағы "бір жолы" және "жоғарыда аталған мемлекеттік
органдармен" деген сөздер алынып тасталсын;
үшінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК